

ТЭРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	05.12 - 09.12.2022 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтарды қою және сөйлеуді				

әңгімелесу, кеңес беру	дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған оыйнышқтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуда, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алғып тастау әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сұлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сактау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың іletін орнын, суретін көрсету. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұрту және ойыннан кейін, дбөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. (енбек дағдылары)
	"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып	«Көліктемен саяхат» дидактикалық ойны Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды өлшемі бойынша салыстыруға	«Аққала» саусақ жаттығуы Мақсат-міндеттер. Қане, қане балақай, (шапалак) Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын	«Қоян» Мақсат-міндеттер. Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді тәрбиелеу. Ұзын құлак, сұр қоян, Естіп қалып	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті

	<p>кұрастыруға</p> <p>ынталандыру; көлемі</p> <p>әртүрлі</p> <p>дөңгелектерді</p> <p>ажыратуға</p> <p>жаттықтыру;</p> <p>жасалған жұмыстың</p> <p>нәтижесіне қуана</p> <p>білу қабілетін</p> <p>дамыту.</p> <p>Педагог әрбір балаға</p> <p>көлемі үш түрлі, ақ</p> <p>түсті дөңгелектерді,</p> <p>көздер, сәбізден</p> <p>мұрын, шелек</p> <p>пішіндерін жинақтап</p> <p>табақшага салып</p> <p>ұсынады.</p> <p>Жұмыс жасалғаннан</p> <p>кейін балалар</p> <p>педагогке ілесіп,</p> <p>көркем сөзді айтып,</p> <p>қимылдар жасайды.</p> <p>- Аққала денесі дөп-</p> <p>дөңгелек, (қос</p> <p>қолдың сұқ</p> <p>саусактарымен ауда</p>	<p>үйретуді жалғастыру:</p> <p>үлкен машинада</p> <p>үлкен аңдар,</p> <p>кішкентай машинада</p> <p>кішкентай аңдар.</p> <p>Қоянның құйрығы</p> <p>қысқа, тұлқінің ұзын</p> <p>құйрығы бар.</p> <p>Құралдар: әртүрлі</p> <p>мөлшердегі</p> <p>машиналар мен</p> <p>ойыншықтар.</p> <p>(сенсорика,</p> <p>коршаған ортамен</p> <p>тәнису)</p>	<p>қолдарымен көрсету)</p> <p>Аққаланы айналып,</p> <p>(шенбер болып</p> <p>айналады)</p> <p>Ойнаймыз біз</p> <p>шаттана. (шапалақ)</p> <p>Аққала, аққала</p> <p>Сені жасап бәріміз,</p> <p>Айналамыз қуана!</p> <p>(шенбер болып</p> <p>айналады))</p> <p>Г. Жетписова</p> <p>(сөйлеуді дамыту,</p> <p>дene шынықтыру)</p>	<p>сыйбырды,</p> <p>Ойлы-қырлы</p> <p>жерлерден,</p> <p>Ытқып-ытқып</p> <p>секірді.</p> <p>Қарап еді артына,</p> <p>Қызығын сап көзінің.</p> <p>Келе жатқан</p> <p>томпандап,</p> <p>Көжегі еken өзінің.</p> <p>(коршаған ортамен</p> <p>тәнису, сөйлеуді</p> <p>дамыту)</p>	<p>арттыру.</p> <p>Көмекшілер көп</p> <p>менде,</p> <p>Күнде еңбектенеді.</p> <p>Тыным таппай</p> <p>күніге,</p> <p>Маған көмектеседі.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, бес,</p> <p>Демалайық, отыр тез.</p> <p>Әрлі - берлі</p> <p>қозғалды,</p> <p>Тырсылдатты жан -</p> <p>жақты.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, бес,</p> <p>Жұмысқа кіріс тез.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>Улкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу). Басады қос аяқтарын маймандалап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (кос қолдың сұқ саусақтарымен ауда кішкентай шеңберлер сызу). (сенсорика, сөйлеуді дамыту)</p>			
Таңертенгі жаттығу	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстай. 1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, онға және солға желпу (6–8 рет қайталау). 1.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстай. 2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау). 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. 			

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дастанканның әдемісін-ай, <p>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.</p> <p>Тамақты таусықсан балақай</p> <p>Ең күшті болады. Пай, пай!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл-қүйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда аудысу үшін бәсендедеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қыс келді! <p>Ду қол шапалақ!</p> <p>Қыстың тоны аппақ!</p> <p>Аппақ аула,</p> <p>Қуанады бала.</p> <p>Қыс келді!</p> <p>Ду қол шапалақ!</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Алға, Қазақстан!" Мақсат-міндеттер. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-тендікті сақтап жүріп оту іскерліктерін	Музыка "Елімнің елтаңбасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және тәмен дыбыстарды ажыратып отырганың ішіне қарай	Дене шынықтыру "Тальго пойызы". Мақсат-міндеттер. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-тендікті сақтап жүріп оту іскерліктерін; бір	Дене шынықтыру "Қалайық қардан аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуға	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бәйтерек". Мақсат-міндеттер. Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденен қысқа сызықтардың

	<p>жетілдіру; бір ізben жүре отырып, кеңістікте дене тепе-тәндігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-тәндікті сақтап жүріп өту жаттығуның техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.</p>	<p>музыка мен қымылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.</p>	<p>ізben жүре отырып, кеңістікте дене тепе-тәндігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-тәндікті сақтап жүріп өту жаттығуның техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін, үйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау.</p>	<p>1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын менгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттерімен таныстыру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; кеңістікте допты домалата білудің дағдыларын қалыптастыру; үйымдастырылған іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғары жағынан төменге қарай көлденен, бірыңғай қымылмен сол жақ қабырғасын жеткізіп, салуға жаттықтыру; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру.</p>
--	--	--	--	---	--

2- таңғы ас	Тағамның атавын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалашуыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көніл аударып, айтуга ынталандыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бәрекелді! - Қарандаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппак. 	<p>Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көніл аударып, айтуга ынталандыру.</p>	<p>Қайынды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайынның басқа ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру;</p> <p>Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көніл аударып, айтуга ынталандыру.</p>	<p>Қысқы ауа райын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға қыс мезгілінде жалпы үғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, сүйк болуына көніл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, айналага қараңдаршы.</p>	<p>Қысқы шыршаны бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың шырша агаши туралы үғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып түрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын үстаратып, жапырақтарға үқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды эсер алуға тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларды</p>

	<p>- Не болған мына далаға?</p> <p>Ағаштар аппақ тонда, Бұталар аппақ болған, Ақ жолдар ізге толған.</p> <p>"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-тендікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p> <p>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.</p> <p>- Алдымызыда ұзынша</p>	<p>-Кыста сыпыруышы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).</p> <p>-Сыпыруышың жұмысы не үшін керек? (Балабақша аumaғын таза ұстая үшін).</p> <p>Қимылды ойын «Ақ қоян» (дene шынықтыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдауға және мәтінге сәйкес қимылдар жасауға үйрету, секіруді, кол шапалақтауға, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуға үйрету, балаларға қуаныш сыйлау.</p>	<p>Қыста қайың өте сүйк болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.</p> <p>Қысында да шырайлы,</p> <p>Жасыл шырша ұнайды.</p> <p>Түні бойы жауды қар,</p> <p>Салбырады сәнді тал.</p> <p>Сырғалы қайың, ақ қайың,</p> <p>Баптайын, күтіп, сақтайын.</p> <p>«Көпіршік» қимылды ойыны.</p> <p>(дene шынықтыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенбер</p>	<p>- Бірақ қыста күн сүйк.</p> <p>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.</p> <p>- Біз нені кидік?</p> <p>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.</p> <p>- Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап.</p> <p>Жасыл шырша қалыпташ, қаптап.</p> <p>Аппақ қабықпен қаптап.</p> <p>Қыс мезгілі. Аппақ қала.</p> <p>Ақ көшелер. Ақ сала.</p> <p>Ақ көшелер. Ақ сала.</p> <p>Аулада тұр акқала.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру, сойлеуді дамыту)</p>	<p>жасыл шырша алдына алып келеді.</p> <p>Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша участкіге шығарып қоя алады.</p> <p>- Балалар, мынау не?</p> <p>- Жарайсындар, бұл шырша.</p> <p>- Карапаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрган сияқты.</p> <p>"Шырша".</p> <p>Қызық-думан күн келді,</p> <p>Жасыл шырша түрленді.</p> <p>Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді терледі.</p> <p>Ә. Табылдиев</p> <p>"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дene шынықтыру,</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ бол.</p> <p>Ал енді біз жүгірейк, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай!</p> <p>Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова</p>	<p>Ойын шарты: Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.</p> <p>-Кояным, кояным үйқынан тұршы Бет-қолынды жушы, Айнаға қараши, Шашынды тараши, Мәсінді киши, Көлегінді киши.</p>	<p>құруға, оны кенірек, тар етіп жасауға, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Балалар бір-біріне жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шенбер кұрады.</p> <p>Тәрбиеші: Көпіршікті үрлеміз! Улken ғып үрлеміз!- дейді.</p> <p>Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз.</p> <p>Балалар шенберді кеңейтіп, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалак, ш-ш-ш» деп айтады.</p> <p>Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:</p> <p>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсан, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;</p> <p>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап,</p>	<p>сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтерінкі көңіл-куйге бөленуге баулу.</p> <p>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.</p> <p>- Шыршаға қараңдар, Таңқалып қалмандар. Бұтақтағы ойыншықпаз, Шенбердегі аюмыз.</p> <p>Енді, біз тұлкіміз, Тұлкі болып жүрміз. Қоянмен біргеміз, Бірге секіреміз.</p> <p>Балалар педагогтің көрсетуіне елікте, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындаиды.</p> <p>Балықтай жүземіз, Үндемей күлеміз.</p>
--	--	--	--	---	--

			<p>кейін балалар қайтадан көпіршікті үрлейді.</p>	<p>шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашиқ, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі.</p>	
Серуеннең оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз кимін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Тұскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.</p> <p>- Дастанарданың әдемісін-ай,</p> <p>Тағамның (ботқаның, көжениң, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.</p> <p>Тамакты тауысқан балақай</p> <p>Ең күшті болады. Пай, пай!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйықтауына жағымды жағдай туғызу.				

<p>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</p>	<p>Керуектегі жаттығулар</p> <p>Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Үйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дene бойында. Бастарын сөл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпүі" - іште жатып, қолдары дene бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адина-артына тербелу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)</p>					
<p>Бесін ас</p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>					
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</p>	<table border="1" data-bbox="496 684 2033 1368"> <tr> <td data-bbox="496 684 781 1368"> <p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Алтын балық". Мақсат-міндеттер. Балаларды аквариуммен және аквариумдагы балықтардың дene құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен</p> </td><td data-bbox="781 684 1066 1368"> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</p> <p>"Менің Отаным". Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуга үрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын окуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай</p> </td><td data-bbox="1066 684 1403 1368"> <p>"Мен тұлқімін, тұлқімін" аз құмылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдал, сонымен қоса аланда еркін қимылдан, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшандыққа,</p> </td><td data-bbox="1403 684 1688 1368"> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Жүргінші жолы". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің</p> </td><td data-bbox="1688 684 2033 1368"> <p>Музықадан ойын-жаттығу</p> <p>"Елімнің рәміздері". Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажыратада білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару.</p> </td></tr> </table>	<p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Алтын балық". Мақсат-міндеттер. Балаларды аквариуммен және аквариумдагы балықтардың дene құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</p> <p>"Менің Отаным". Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуга үрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын окуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай</p>	<p>"Мен тұлқімін, тұлқімін" аз құмылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдал, сонымен қоса аланда еркін қимылдан, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшандыққа,</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Жүргінші жолы". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің</p>	<p>Музықадан ойын-жаттығу</p> <p>"Елімнің рәміздері". Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажыратада білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару.</p>
<p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Алтын балық". Мақсат-міндеттер. Балаларды аквариуммен және аквариумдагы балықтардың дene құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</p> <p>"Менің Отаным". Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуга үрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын окуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай</p>	<p>"Мен тұлқімін, тұлқімін" аз құмылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдал, сонымен қоса аланда еркін қимылдан, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшандыққа,</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Жүргінші жолы". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің</p>	<p>Музықадан ойын-жаттығу</p> <p>"Елімнің рәміздері". Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажыратада білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару.</p>		

	<p>аквариумдағы балықтардың айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.</p>	<p>зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін- өзі басқаруына ықпал етеді. - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра</p>	<p>нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру. Балалардың құрылым материалдарының қасиеттерін қабылдауды мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын және түйсігін дамыту.</p>	
--	---	--	---	---	--

			<p>қаласындар.</p> <p>Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.</p> <p>- Мен тулкімін, тұлкімін,</p> <p>Құлықпен өтер күнім.</p> <p>Қаласам алдай саламын,</p> <p>Орынды басып аламын.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Педагог сөздерді әндептіп айтып жүруі керек.</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Артығын тап" дидактикалық ойын.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға артық затты табуға үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.</p> <p>Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді</p>	<p>Қысқыштармен ойналатын ойын.</p> <p>Саусақтарға арналған жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғактарына,</p>	<p>"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу).</p> <p>Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты тудыру; ырғакты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін</p>	<p>Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»</p> <p>Мақсат-міндеттер: Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауга шақыру; жаттығу</p>	<p>«Суық - жылды» ойыны</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалар кілемге малдас құрып отырады.</p> <p>Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»-дейді.</p> <p>Балалар қолдарын</p>

	<p>ұсынады: мысалы, қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Ойын шарты.</p> <p>Жануарлардың күйрығын тауып қыстырып күйрығын тауып қыстырып біріктіреді. Ол баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.</p> <p>(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қалыптастыру.</p> <p>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну.</p> <p>Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:</p> <p>A) ауызды ашу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Коян, аузынды аш! <p>Міне осылай! Міне осылай!</p> <p>B) тістерді көрсету:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Коян, тістерінді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай! <p>C) тілді көрсету:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Коян, тілінді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай! <p>D) Сәбізді тістеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - - Мен сәбізді тістедім! Эй! Эй! Эй! <p>E) еріндерді жалау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Коян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін 	<p>нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?</p> <p>Ақ шанамыз зырлайды,</p> <p>Ақ қар оны шындаиды.</p> <p>Біреу шанғы тебеді,</p> <p>Біреу мұзда сырғанайды,</p> <p>Ал біреу қардан аққала соғады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>кеудесіне айқастыра, қорыққан кейіп көрсетеді.</p> <p>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» - дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.</p> <p>Тәрбиеші әрекеттерді орындаиды, ал балалар оған еліктейді.</p> <p>(дene шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)</p>
--	---	---	---	---	--

			<p>жалады. Міне осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.</p> <p>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті. Эр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>		
Серуенге дайындық	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстая туралы".</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстайдың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p>Тұсқи уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				
Серуеннен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес құмыл әрекеті)</p>				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру.</p> <p>- Дастанарқанның әдемісін-ай,</p> <p>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.</p> <p>Тамақты тауысқан балақай</p> <p>Ең күшті болады. Пай, пай!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғыру, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу)</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p>
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	<p>Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту".</p>